ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ САУДА МИНИСТРЛІГІ

ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ
ЖӘНЕ МЕТРОЛОГИЯ КОМИТЕТІ

МЕМСТАНДАРТ

МИНИСТЕРСТВО ИНДУСТРИИ И ТОРГОВЛИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ ПО ТЕХНИЧЕСКОМУ
РЕГУЛИРОВАНИЮ И МЕТРОЛОГИИ

ГОССТАНДАРТ

БҰЙРЫҚ | ПРИКАЗ

Астана қаласы | город Астана

2009 ж. «7» қыркүйек | № 451-од

**Мемлекеттік стандарттарды бекіту туралы**

2009 жылға арналған мемлекеттік стандарттау бойынша жұмыс жоспарына сәйкес, сондай-ақ Техникалық реттеу және метрология жөніндегі ғылыми-техникалық комиссияның 2009 жылғы 27 тамыздағы № 20 шешімі негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасының мынадай мемлекеттік стандарттары (бұдан әрі – ҚР СТ) 2010 жылғы 1 шілдеден бастап бекітіліп қолданысқа енгізілсін:

ҚР СТ «Жүк көтергіш крандар. Қызметкерлерді оқыту».

ҚР СТ «Көтергіш крандар. Машинистерді оқыту. 3 бөлім. Мұнара крандары».

ҚР СТ «Қасбет жүйелеріне арналған анкерлік бекіткіштер. Техникалық талаптар».

ҚР СТ «Есік пен оның жақтауының блоктары. Өртке төзімділігін сынақтан өткізу».

ҚР СТ «Балалар ойын алаңдарының жабдықтары. Әткеншектер құрастырмасының қауіпсіздігі және оны сынақтан өткізу әдістері. Жалпы талаптар».

2. 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік техникалық – экономикалық ақпарат жіктеуішісі (бұдан әрі – ҚР МЖ) бекітілсін және қолданысқа енгізілсін:

ҚР МЖ «Негізгі қорлардың жіктеуішісі».

3. 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР СТ 1432-2005 «Табиғи минералды және асханалық ас суларымен бірге, сыйымдылыққа құйылған ас сулары. Жалпы техникалық талаптар» № 1 өзгеріс бекітілсін және қолданысқа енгізілсін.

4. «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны (Арман Абайұлы Шаққалиев):

1) бекітілген ҚР СТ, ҚР МЖ, ҚР СТ 1432-2005 № 1 өзгерісті мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің тізіліміне енгізілсін;

2) ҚР СТ, ҚР МЖ, ҚР СТ 1432-2005 № 1 өзгерістің бекітілгені туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандарттарының ақпараттық көрсеткішінде жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды Төрағаның орынбасары Талғат Амангелдіұлы Момышевқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

**Төраға** **Ғ. Мұхамбетов**